

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдеп жөніндегі кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІІ-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.07.04 7 ден 1 бет
---	---	---

**ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ТУРАЛЫ
ҚАҒИДА**

ІҚЕ ІІІ-04-2022

Қарағанда

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	ІҚЕ Ш-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.07.04 7-ден 11 бет
---	--	--

1 Қолдану саласы

1.1 Осы Әдеп жөніндегі кеңес туралы қағида (бұдан әрі - Қағида) нормативтік құжат болып табылады және «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Әдеп жөніндегі кеңесіне (бұдан әрі – Кеңес) оның мәртебесін, ұйымдық құрылымын, функционалдық міндеттерін, өкілеттіктерін (құқықтарын) әкімшілік – құқықтық бекіту жөніндегі талаптарды белгілейді.

1.2 Қағида Кеңестің барлық мүшелері өз жұмысында басшылыққа алуы үшін міндетті.

2 Нормотивтік сілтемелер

Қағидада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР СТ ISO 9000-2017 (ISO 9000:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік».

ҚР V-01-2022 «Құжатталған ақпаратты басқару».

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың Жарғысы.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті КеАҚ-тың Ішкі тәртіп ережесі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың Іскерлік этика кодексі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың студенттерінің, магистранттары мен докторанттарының Ар-намыс кодексі.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Ережеде ҚР СТ ISO 9000-2017 (ISO 9000:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік», оған қосымша келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар белгіленген:

ӘЖ - Қоғамның әкімшілік жұмыс департаменті;

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	ІҚЕ ІІІ-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.07.04 7-ден 11 бет
---	--	--

артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы өзіне немесе үшінші тұлғаларға, сол сияқты осы адамдарға жеңілдіктер беру арқылы пара беру және т. б;

КБ – Қоғамның кадр бөлімі;

ҚТЕ – қызмет түрі туралы ереже;

ПОҚ – профессор-оқытушылық құрам;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызмет;

СБӨ - сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызмет;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ОКҚ – оқу-көмекші құрам;

ЗБ – Қоғамның заң бөлімі.

4 Жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1 Осы Қағиданы Ғылыми кеңес Төрағасы – Қоғамның Басқарма Төрағасы - Ректоры бекітеді.

4.2 Бекітілген Қағиданың мазмұнына, құрылымына және ресімделуіне Кеңес төрағасы жауапты болады. Қағиданың соңғы редакциясы туралы шешімді СБӨ қабылдайды.

4.3 Қағида талаптарын Кеңес мүшелерінің назарына жеткізгені үшін Кеңес төрағасы жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» ресімделуі тиіс (Б қосымшасы).

4.4 Сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарының, соның ішінде Кеңестегі осы Қағиданың сақталуына, рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың жайылып кетуіне кеңес төрағасы жауапты болады

5 Жалпы қағидалар

5.1 Кеңес еңбек тәртібі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, іскерлік этика кодексін, қоғамның студенттері, магистранттары мен докторанттарының Ар-намыс кодексін сақтау мәселелерін қарайтын консультативтік-кеңесші, алқалы орган болып табылады.

5.2 Кеңес шешімдері Қоғамның Басқарма Төрағасы–Ректоры үшін

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	ІКЕ Ш-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.07.04 7-ден 11 бет
---	--	--

ұсынымдық сипатта болады.

5.3 Кеңес Қоғамның іскерлік этика Кодексі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру, сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жою, теріс пайдалануды жою және Қоғам ұжымында кез келген құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру негізінде құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында құрылды.

5.4 Кеңес өз қызметінде ҚР Конституциясын [1], «Білім туралы» [2], «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» [3] ҚР Заңдарын, ҚР Еңбек кодексін [4], ҚР Азаматтық кодексін [5], Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерін, Жарғыны [6], Ішкі тәртіп ережелерін [7], Іскерлік этика кодексін [8], Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты [9] және қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарын, осы Ереже басшылыққа алады.

6 Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары

6.1 Құқық бұзушылық, Жарғының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың, Ішкі тәртіп ережелерінің, Іскерлік этика кодексінің және Қоғамның студенттері, магистранттары мен докторанттарының Ар-намыс кодексінің ережелерін бұзу фактілері бойынша Қоғам қызметкерлерінің, білім алушыларының өтініштерін қарау.

6.2 Анықталған бұзушылық фактілері бойынша тәртіптік ықпал ету шараларына бастамашылық жасау.

6.3 Қоғамда парасаттылық, іскерлік этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қағидаттарын қалыптастыруға және сақтауға бағытталған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.

6.4 Қоғамның қызметкерлері мен білім алушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

6.5 Қоғамның қызметкерлері мен білім алушыларын сыбайлас жемқорлық проблемаларымен; құқық бұзушылықтарға және Жарғының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың, ішкі тәртіп Ережелерінің, Іскерлік этика Кодексінің және қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарының бұзылуына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттандыру.

6.6 Еңбек және оқу тәртібін нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

7 Кеңесті қалыптастыру тәртібі және оның өкілеттіктері

7.1 Кеңес құрамын Кеңес Төрағасының ұсынуы бойынша Қоғамның Басқарма төрағасы–Ректоры бекітеді.

7.2 Кеңес құрамына төраға, оның орынбасары және Кеңес мүшелері кіреді.

7.3 Кеңес Төрағасы:

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	ІКЕ ІІ-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.07.04 7-ден 11 бет
---	--	---

- Кеңесті басқарады және Қағидаға сәйкес оның қызметін үйлестіреді;
- Кеңестің жұмыс жоспарын бекітеді және оның орындалуын бақылайды;
- студенттер, магистранттар және докторанттардың Ар-намыс кодексі, іскерлік этика Кодексі, Ішкі тәртіп Ережелері, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, Жарғының ережелерін бұзу фактілері бойынша Қоғам қызметкерлері мен білім алушыларының өтініштерін қарауды уақтылы қамтамасыз етеді;

- Қоғам Басқарма Төрағасы-Ректорының қарауына қаралған бұзушылық фактілері бойынша тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді ;

- тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындайды;

- Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің функционалдық міндеттерін орындамау, еңбек және орындаушылық тәртібін бұзу, оның ішінде парасаттылық, педагогикалық әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қағидаттарын орындамау мәселелері бойынша түсіндірмелерді сұратады;

- өзінің орынбасарына, хатшысына және кеңес мүшелеріне тиісті тапсырмалар береді, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

7.4 Кеңес төрағасының орынбасары:

- Кеңес төрағасы мен оның орынбасары арасында міндеттерді бөлуге сәйкес функцияларды орындайды;

- Кеңес төрағасы болмаған кезеңде Кеңес қызметіне басшылық етеді;

- өз құзыреті шегінде Кеңес Төрағасының басқа да тапсырмаларын орындайды.

7.5 Кеңес мүшелері:

- Кеңестің жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізеді;

- Кеңес қызметінің саласына кіретін мәселелерді әзірлеу үшін белгіленген тәртіппен Қоғам құрылымдарын, жастар, қоғамдық бірлестіктерді тартады;

- Кеңес жұмысына белсенді қатысады және өз өкілеттігін басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ;

- Қағмданың талаптарын сақтауға міндетті.

7.6 Кеңес хатшысы Кеңес шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығымен Кеңестің мүшесі болып табылады.

7.7 Кеңестің:

- құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан және Қоғамның басқа мамандарынан Кеңес міндеттерін шешу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға;

- Кеңес отырыстарына Қоғам әкімшілігінің өкілдерін, декандарды, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлерін, ПОҚ, ІСБ және Қоғамның білім алушыларын шақыруға және тыңдауға құқығы бар.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	ІҚЕ ІІІ-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.07.04 7-ден 11 бет
---	--	--

8 Кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

8.1 кеңес өз қызметін Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалатын және кеңес шешімімен бекітілетін жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырады.

8.2 кеңес жұмысының негізгі нысаны отырыс болып табылады. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

8.3 Отырыстарды өткізу күні мен уақытын Кеңес төрағасы белгілейді.

8.4 Кеңес мүшелерінің Кеңес отырыстарына қатысуы міндетті. Кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беруге құқығы жоқ. Отырысқа қатысу мүмкін болмаған жағдайда, Кеңес мүшелері қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша түрде баяндауға құқылы.

8.5 Отырыстар, егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 50% - ы қатысса, заңды деп есептеледі.

8.6 Шешім қабылдау кезінде Кеңестің барлық мүшелері дауыс беру құқығына ие және тең өкілеттіктерге ие. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

8.7 Кеңес отырысына Кеңес төрағасының келісімі бойынша Қоғам әкімшілігінің өкілдері, декандар, басшылар, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, ПОҚ, ІСБ және қоғам білім алушылары өз өкілеттіктері шеңберінде мәселелерді түсіндіру үшін шақырылуы мүмкін.

8.8 Кеңес отырыстарына Кеңес төрағасының келісімі бойынша талқыланатын мәселелердің мәні бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар жұртшылық өкілдері шақырылуы мүмкін.

9 Келісу және қолданысқа енгізу

9.1 Осы Қағиданы келісу СБӨ, ӘЖД-нің директоры, ЗБ-нің бастығы, оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіподақ комитетінің төрағасы жүзеге асырады және «Келісу парағында» (А Қосымшасы) ресімделеді.

9.2 Қағида одан әрі Қоғамның ресми сайтына орналастыру мақсатында қазақ және ағылшын тілдеріне аударылады.

9.3 Әзірлеуші қол қойған және келісуші қолдары бар Қағиданы әзірлеуші бекітуге береді.

9.4 Қағиданы енгізу күні болып ережені бекіту/келісу күні саналады. Ереже бекітілген сәтте күшіне енеді.

9.5 Бекітілген Қағида қағаз тасымалдағышта СМЖАО-ға сақтауға беріледі.

10 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

Қағиданың даналарымен қамтамасыз ету Қоғамның ресми сайтында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	Әдеп жөніндегі Кеңес туралы ереже	ІҚЕ ІІІ-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.07.04 7-ден 11 бет
---	--	--

11 Сақтау

11.1 Қоғамның ресми сайтында осы Қағиданың электрондық нұсқасын орналастырғаннан кейін орындаушылар онымен танысады және танысу парағына қол қояды (Б қосымшасы).

11.2 Құжаттың таралымы, көшірмесін есепке алу, рұқсатсыз пайдалану және сақталуы үшін бөлімше басшысы жауапты болады.

11.3 Құжаттың толық нұсқасы электронды түрде, ал титул парағы мен танысу парағы басып шығарылған түрде сақталады.

12 Талдау және өзектендіру

12.1 Қағиданы тексеру, талдау және өзектендіру:

- қоғамды қайта ұйымдастыру/қайта атау кезінде;
- қоғамның сапа саласындағы стратегиясы, саясаты және мақсаттары өзгерген кезде;

- сәйкессіздіктер процестері анықталған кезде, ішкі және/немесе сыртқы аудиттер кезінде;

- мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері бойынша заңнамалық, регламенттеуші және келісімшарттық талаптардың өзгеруі кезінде.

12.2 Қағиданы тексеру (ревью) жылына бір рет жүзеге асырылуы тиіс.

12.3 Қағиданы талдау және өзектендіру үшін әзірлеуші жауапты болады.

12.4 Қағиданы өзектендіруді әзірлеуші жаңа ақпарат келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асыруы тиіс.

12.5 Оларды қолдану орындарында Қағиданың тиісті нұсқаларының болуы электрондық нұсқалармен қамтамасыз етіледі.

13 Саясатқа өзгерістер енгізу

13.1 Осы Қағидаға өзгерістер ҚР-01-2022-ге сәйкес жүргізілуі тиіс.

13.2 Осы Қағида заңнама өзгерген жағдайда немесе қажеттілігіне қарай қайта каралады.

13.3 Қағиданың түпнұсқасына өзгерістер енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады. СМЖАО жаңартылған нұсқасын қоғамның ресми сайтында 5 күннен аспайтын мерзімде орналастыруы тиіс.